

**«Хасен Сәрінжіпұлы атындағы ЖББМ»
жанындағы «Шұғыла» шағын орталығы мен мектепалды даярлық
тобының мәтіндік есебі
2022 – 2023 оқу жылы**

«Шұғыла» шағын орталық пен мектепалды даярлық тобына басқару жүйесіне, тәрбиеленушілердің тәрбие мен оқытудың мазмұны мен сапасына ,ұйымдастырылған іс әрекеттеріне талдау жасалды.

Шағын орталықтың қысқаша сипаттамасы:

Шет ауданы білім бөліміне қарасты «Хасен Сәрінжіпұлы атындағы ЖББМ» жанындағы «Шұғыла» шағын орталығы 3-5 жас аралығындағы мектеп жасына дейінгі балаларға арналған білім беру ұйымы.

Ашылған күні: 21.09.2015 жыл.

Мекен жайы :индекс 101722, Қарағанды облысы, Шет ауданы, Төменгі Қайрақты ауылы. Сухибек көшесі, 7 мекеме

Байланыс: e-mail:

Тел: 87103350962

«Шұғыла» шағын орталығы күн тәртібі: Бес күндік жұмыс күні

Демалыс күндері : сенбі, жексенбі, мереке күндері

Шағын орталық орын саны-20 орындық

Жұмыс істейтін топ: 1 топ

2022-2023 жылғы оқу жылында шағын орталыққа 11 бала қабылданды.

«Шұғыла»тобы қазақ тілінде (аралас топ)-11бала

Балалардың жасы 3-5 жас аралығы. Биыл ата-аналар indigo.kz порталына электрондық кезекке тіркелу арқылы өтініш беріп, балаларды жолдамаларымен қабылдадық.

**«Хасен Сәрінжіпұлы атындағы ЖББМ» КММ
"Шұғыла" шағын орталығы педагогтерінің сапалық құрамы
2022-2023 оқу жылы**

Аты -жөні	Лауазымы	Еңбек өтілі	Санаты	Білімі
Егимбаева Динара Канатовна	тәрбиеші	14 жыл	Жоқ	Жоғары
Рыскулова Гульмарал Болатовна	Тәрбиеші	8 жыл	Жоқ	Арнаулы орта

Масенова Айсауле Куанышевна	Әдіскер, Психолог	4 жыл	Жоқ	Жоғары
--------------------------------	----------------------	-------	-----	--------

Шағын орталық тәрбиеленушілерін тәрбиелеу мен білім беру қызметі нормативтік құқықтық құжаттар негізінде:

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;

1. «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары
2. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 14 қазан № 422 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) басшылыққа ала отырып оқу тәрбие жұмысын жүргізеді.

Тәрбиелеу мен білім беру процесі перспективалық жоспарға, циклограммаға, бала дамуының мониторинг арқылы іске асырылады.

Жаңартылған балалардың біліктері мен дағдыларының дамуы бойынша физикалық қасиеттерді дамыту бойынша мәдени-гигиеналық

дағдыларын қалыптастыру, шынықтыру шаралары, ұйқыдан кейінгі жаттығулар орындалды. Спорттық эстафедалық жарыстар ұйымдастырылды.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту тілдерін жетілдіру, достыққа,

патриоттық сезімге тәрбиелеу. бойынша ертегілердің атауын ондағы

кейіпкерлердің қасиеттерін ажыратып ертегі айтуға дағдыланды. Осы топта өткізілген іс-шаралар арқылы балалар өлең жолдарын жатауды, ТРИЗ технологиясы арқылы тез жаттауға әндері мен билерін өз мәнерінде айтуға дағдыланады. Ұлттық құндылықтарды дәріптеуге үйренді. Ертегілерді образға кіру арқылы сомдау қалыптастырылды.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту бойынша балалар негізгі

түстерді, 5көлеміндегі сандарды, логикалық ойындарды, геометриялық пішіндерді ажырата білді, кеңістікті, уақытты бағдарлауды үйренді. Берілген тапсырмаларды орындауға жаттықтырылды.

Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту бойынша қолмен қағазды жырту, жапсыру, ермексазбен бояқпен жұмыс жасауды меңгерді. Сурет салуда дәстүрлі, дәстүрден тыс сурет салуды үйренді. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бойынша балалардың қоршаған ортаға деген қызығушылығын арттырып табиғатты қорғауға дағдыланды.

Ата-аналармен жұмыста шағын орталық қызметкерлері ынтымақтастық принципі бойынша құрады. Бұл ретте басым міндеттер:

1. Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;
2. Ата-аналарды шағын орталық өміріне тарту;
3. Отбасын зерттеу және балаға тәрбиелік ықпалды үйлестіру үшін оның мүшелерімен байланыс орнату.


Ата аналармен жүргізілген жұмыс түрлері

- топтық ата-аналар жиналысы, кеңестер;
- балалар мен ата-аналар үшін бірлескен мерекелік іс-шаралар өткізу;
- сұрақ қою; әңгімелесу
- бірлескен жұмыстардың көрмелері;
- жаңадан қабылданған балалардың ата-аналарымен келісім-шарт жасау

Шағын орталықтың Жылдық жоспарда бекітілген жұмыс жоспары бойынша іс шаралар жүргізіліп отырды.

Мектепке дейінгі ұйымдарда дамытушы органы ұйымдастыру стандарт құрылымына қарай, әр баланың жеке дара дамуына, олардың бейімділігі, қызығушылығы, белсенділік деңгейлерінің тиімділігі қажет. Бұл үшін заттық ортаның элементтерін сондай-ақ, балаға эмоционалды, қозғалыс іс-әрекеті, танып білуге қатысты жағдай жасауды байыту қажет. Заттық-кеңістіктік дамытушы орта – бұл баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін жабдықтарды пайдалану. Заттық дамытушы ортаға қойылатын талаптар

қолжетімді,мазмұнды,тартымды,қауіпсіз болу керек. Осы талаптарға сай топ тәрбиешілері заттық дамытушы ортаны жасадық





«Алтын күз» мерекесіне ертеңгілік өткізілді. Ертеңгілікте «Шұғыла» тобы бүлдіршіндері толық қатысты. Мерекеге сай топты безендірулер жүргізілді. Балалар мерелік киімдер киіп, қыздар сән үлгісін көрсетті. Тақпақтар айтылып, билер орындады. Мерекелік ойындар ойнатылды. Күз мезгіліне арналған жеміс пен көкөністерден дастархан жайылды.





Біз тәуелсіз елдің түлегі болғанымызға шексіз қуанамыз. Біздің отанымызды әлем таныды. Осы сәтте Отан туралы еріксіз ойға берілесің. Бұл ұғымның аясы кең. Отан – далаң, орман, тауың, ауылың, жүрегіннің бөлшегі.



Жаңа жыл – барша жұрт асыға күтетін, таңғажайып әрі ең көңілді отбасылық мерекелердің бірі. Көптеген елде 31 желтоқсаннан 1 қаңтарға қараған түні тойланады.

Жаңа жыл әр елде ұлттық салт-дәстүрге сай тойланады, десек те, алуан түрлі ойыншықтармен безендірілген әсем шырша, түн ортасында сағаттар соғып, Жаңа жыл келгенін білдіруі, жаңажылдық дастархан, сыйлықтар, ғажайыптар мен жақсылыққа сену – бәрімізге ортақ. Мектептерде, мектепке дейінгі ұйымдарда балалар өз өнерлерін көрсетіп, ән айтып, би билеп көңілді кештер өткізеді.



Ана шынында да өмір гүлі, күннің нұры екен. Әрбір **Ана** сәбиінің дені сау болып, жақсы азамат болып өскенін қалайды. Түн ұйқысын төрт бөліп оянатын **Ананың** сенімін ақтау қажет. Ол үшін біз жақсы оқып, үлгілі тәртібімізбен, спорттағы, өнердегі жетістіктерімізбен көзге түсуіміз керек. **Наурыз** айы - мереке айы. Біз **Аналарымызды**, **апаларымызды**, **қыздарды** мерекелерімен құттықтай отырып, зор денсаулық, қуаныш тілейміз! Апайлар бүлдіршіндерімізді дайындап, аналарына өнерлерін көрсетті. Ашылуын хормен бастады.





Балалар тәрбиешлірімен дайындаған өнерлерін көрсетті. Ата – аналар ұлттық тағамдарды дайындап, алып келді. Бүлдіршіндерді ұлтымыздың салт - дәстүрімен таныстырдық. Барлығымыздың көңіл күйіміз көтеріліп қалды.



Қазақстан халқы бірлігі күні - еліміздегі барлық ұлттардың ынтымағы мен бірлігін нығайтатын, достастық қарым-қатынасты нығайтатын айтулы мереке болып қала бермек.




Барлық мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептер осы атаулы мерекені атап өтеді. Әр түрлі ұлттың киімдерін киіп, әр ұлттың өнерін көрсетті. Іс – шара сабақ түрінде өтті. Балаларға музыка жетекшісі С. Тусупова әр түрлі көрнекіліктер дайындап әкелген. Тәрбиешінің көмекшісі Г. Аубакирова музыка жетекшісіне өз көмегін көрсетті.



**Толық күнгі «Шұғыла» шағын орталығының
«Туған – өлкем тұғырым» апталығы**



Көне заттар



**Шет ауданы бойынша Еркіндік, Батық, Нұра, Алихан, Хасен Сәрінжәпұлы атындағы
ЖББМ- де өткізілген «Тарихи функционалды сауаттылық» апталықтарының
қорытынды есебі
2022-2023 оқу жылы
«Сүйікті өлкеме арнаймын»**



Еркіндік ЖББМ



Батық ЖББМ



Алихан НМ



Нұра ЖББМ



Хасен Сәрінжіпұлы атындағы ЖББМ



Онлайн түрінде топқа бөлініп апталық өткіздік, слайдты біз жасап шығардық.

Нәтижелері бойынша қорытынды

«Шұғыла» шағын орталығының қызметін талдау шағын орталық қызметіндегі табысты көрсеткіштерді анықтады.

- шағын орталық даму режимінде жұмыс істейді.

- мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған

«Үлгілік оқу бағдарламасына» (3жастан бастап және 4 жастан бастап)

бағдарламаларының балалардың игеру деңгейі жақсы, жылдық жоспарда бекітілген іс шаралар уақытылы өтіп тұрған.

Хасен Сәрінжіпұлы атындағы ЖББМ жанындағы «Шұғыла» шағын

орталықта біліктілігін арттыруға әлеуеті бар болашағы зор,шығармашыл педагогтар ұжымы қалыптасты.

Ұсыныстар:

Тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау және нығайту үшін жүйелі жұмыс жалғастыру

Жаңа стандарт ,жаңа бағдарламаға заманауи талаптарға сәйкес әрбір жас тобында заттық дамытушы орталықтарды толтыруды жалғастыру.

Ата-аналармен жұмыс жасауда әртүрлі инновациялық әдістерді енгізу.

Мектепалды даярлық тобы туралы мәлімет:

2022 – 2023 оқу жылында сыныпта барлығы – 9 оқушы. Оның 3 қыз бала, 6 ұл бала білім алды. Мектепалды даярлық тобы мектептегі барлық іс-шараларға жыл бойы белсене қатысып отырды. Айта кететін болсақ Алтын күз мерекесі. Жаңа жыл мерекелері Оқу жылында балаларға математика пәнінен алғашқы қарапайым ұғымдармен, геометриялық пішіндер, 1-10 дейінгі сандардың жазылу, амалдармен ауызша тапсырмалар, салыстыру т.б. тапсырмалар орындалды. Сауат ашу негіздерінен сөйлеу, дыбыс түрлері, буын, сөз, тірек сызба арқылы сөйлемдер құрап, әріптердің элементтерін жазу т.б ұғымдар қалыптасты. Қауіпсіздік негіздері, бейнелеу, жапсыру, музыка, мүсіндеу пәндерінен оқу бағдарламаға сай тақырыптар меңгерілді.

II жарты жылдықта «Сиқырлы пішіндер» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақ барысында пішіндер бойынша топқа бөлініп , топпен, жұппен, жеке түрлі қызықты тапсырмалар орындалып, әр тапсырмадан кейін көңілді смайликтер арқылы кері байланыс берілді.



«Ашық терезе - терезе балалар үшін қауіпті» тақырыбында сынып сағаты өтті. Балалар өмірінің қауіпсіздігі туралы айтылып, бейнеролик көрсетіліп, презентация бойынша әңгіме сұхбат жүргізіліп, сурет салынды.



«Жасыл шырша жанынды» мектепшілік шырша тойы тойланды. Балалар түрлі ертегі кейіпкерлері болып киініп, ән салып, би билеп, аяз атадан сыйлықтар алып көтеріңкі көңіл күйде болды.



8 наурыз мейрамы қарсаңында «Әдемі Ана» тақырыбында іс – шара өтті. Балалар ән салып, би билеп, ана, әжелеріне арналған өлең шумақтарын оқылып, Ана мен баласы арасында түрлі ойындар ойналды.



«Қош келдің наурыз!» тақырыбында сынып сағаты өтті. Жалпы наурыз мейрамы , ұлттық ойындар, киімдер, тақырыптар т.б. туралы мағлұматтар берілді. Балалар бір-бірімен құшақтасып көрісіп, би билеп, ән салып, ұлттық ойындар ойнады.



2022 – 2023 оқу жылын «Қош бол, даярлық!» атты мерекелік кешпен аяқтады. Балалар жыл бойы алған білімдерін ортаға салып жұмбақ шешіп, сурет бойынша сөйлем құрап, есеп шығарып, өлең айтып, би билеп, «Мақта қыз» ертегісінен көрініс қойды. Іс шара соңында жетекшісі Ш.Ж.Жунусова мектеп директорының м.а. Е.Г.Аманбековке сөз беріп, балаларды мектепалды даярлық тобын ойдағыдай аяқтағандығы туралы диплом табыстады.

